

**«Аманат» пікір-сайыс клубы** – пікір-сайыс турнирлеріне қатысып, ұйымдастыруға көмектеседі.

Аманат пікір-сайыс клубы 1997 жылы университеттің қабырғасында "Inside" деген атпен құрылды.

«Аманат» пікір-сайыс клубы – Студенттер арасындағы шешендік, көшбасшылық қабілетті және интеллектуалды ойлауды дамытуға үлес қосатын студенттік ұйым. Сөйлеу шеберлігіне, шешендік қасиеттерге баулу және ХХІ ғасырға сай көшбасшы, тұлға болып қалыптастыру, бәсекеге қабілеттілікті дамытуды көздейді.

«Аманат» пікір-сайыс клубының негізгі мақсаты: жастардың бойындағы талдау, сараптама жасау қабілеттерін қалыптастыру.

2003 жылы клуб атауы «Аманат» клубы деп өзгертіліп, 2008 жылы университетіміздің Техникалық факультетінің студенті Аубакиров Қали қазақ лигасының негізін қалады.

13-14 желтоқсан күндері Астана Пікірсайысшылар ассоциациясының ұйымдастыруымен ЖОО–ның 1-ші курстары арасында өткен «Желтоқсанның мұзда жанған алауы» атты қалалық пікір-сайыс турнирінде «Аманат» клубы 30 команданың ішінде Бас жүлдені жеңіп алды.

Клубтың төрайымы- КЖЖКББ факультетінің студенті Н. Оспанова.



